



1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТИ



www.ortalyq.kz



www.instagram.com/ortalyq.kz/

БЕЙСЕНБІ, 19 ҚАЗАН, 2023 ЖЫЛ №117 (23 293)



www.facebook.com/ortalyq.kz/



info@ortalyq.kz

• ӨЗЕКТІ

Дәрігерсіз ауыл дәрменсіз күй кешіп тұр

Ауылдық елді мекендердің денсаулық сақтау саласында маман тапшылығы, медициналық мекемелердің жоқтығы, ескірген инфрақұрылым сияқты мәселелер бары рас. Мұның салдары көрсетілетін медициналық қызметтің сапасына тікелей әсер етеді. Яғни, ауылдарда тұратын облыстың 200 мыңнан астам тұрғыны жоғарыда аталған себептермен сапалы медициналық көмектен қағылып отыр деген сөз. Осы мәселе Қарағанды медицина университетінде Парламент Мәжілісі депутаттарының, тиісті ведомстволардың, денсаулық сақтау саласы өкілдерінің, жергілікті атқарушы органдарының, медициналық білім беру мекемелері өкілдерінің қатысуымен өткен бейнеконференцияда кенінен талқыланды.



Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Биыл аймақтың денсаулық сақтау саласының бюджеті 170 млрд. теңгеден асты. Облыста «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» жобасы аясында 92 нысанның құрылысына 21,3 млрд. теңге бөлінген. Сонымен қатар, 13 денсаулық сақтау нысанын күрделі жөндеу үшін 2,5 млрд. теңге қарастырылған, – деді шара модераторы, облыс әкімінің орынбасары Ермек Алпысов.

Бұдан бөлек, Ермек Амантайұлы медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттыру үшін 290 млн. теңгеден астам қаражат бөлінгенін де атап өтті.

– Ауылдық елді мекендерге жұмысқа баратын мамандар үшін алғаш рет жергілікті бюджеттен 291 млн. теңге бөлінді. Бұл мамандарды әлеуметтік қолдауға мүмкіндік береді. Күн тәртібінен түспей келе жатқан мәселенің бастысы – маман тапшылығы, – деді Ермек Алпысов.

– Ауылдарды дәрігерлермен қамтамасыз ету 10 мың тұрғынға шаққанда 15,8%-ды құрайды, орта медицина қызметкерлерімен қамтамасыз ету – 62,5%. Тапшылық бар. Осы мәселені шешу үшін биыл алғаш рет ауылдық елді мекендерге баратын медицина қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау тетігі енгізілді. Оларға 1,5 млн. теңгеден 5 млн. теңгеге дейін көтерме жәрдемақы төленді. Оның ішінде, анағұрлым сұранысқа ие мамандар – жалпы практика дәрігерлері, терапевттер, акушер-гинекологтар, анестезиологтар-реаниматологтар мен педиатрлар 5 млн. теңгеден алды. Бейінді мамандар – 3 млн. теңгеден, акушерлер мен фармацевтер – 1,5 млн. теңгеден қосымша көмек алды, – деп атап өтті облыстың денсаулық сақтау басқармасының басшысы Бибігүл Төлегенова.

Осы шараның арқасында ауылдық ауруханаларға 47 маман жұмысқа барған.

– Дегенмен, медбикелердің, фельдшерлердің және акушерлердің тапшылығы әлі де толық шешілген жоқ. Тапшылық 56 штаттық бірлікті құрайды, – деді Бибігүл Райханқызы.

Жас мамандар ауылдарға баспананың жоқтығынан бармайды. Сондықтан, оларды тұрғын үймен қамтамасыз ету – басты қолдау түрі. Бибігүл Төлегенова



сөзінде аудандарда дәрігерлерді баспанамен қамтамасыз ету үшін ғимараттар жөнделіп жатқанын атап өтті.

– Биыл жас мамандарға Ақтоғай, Бұқар жырау және Қарқаралы аудандарында 34 пәтер берілді, – дейді Бибігүл Төлегенова. – Дәрігерлердің үйлерін жөндеу Бұқар жырау ауданының Доскей кентінде, Шет ауданының Ақсу-Аюлы ауылында жалғасуда. Келесі жылы Нұра ауданындағы дәрігерлер үйін қайта құру үшін күрделі жөндеу жоспарланған.

Басқарма басшысы дәрігерлер тапшылығын шешу үшін медициналық білім беретін мекемелермен жұмыс жүргізіліп жатқанын алға тартты.

– Бұл мәселеде кадрлық саясат жүргізілуде. Бүгінде бір-екі ауданның әкімдіктері өз қаражаттарына бакалавриат дайындауда. Дуальді білім беру қолға алынған, – деп атап өтті Бибігүл Райханқызы.

Осы ретте Ермек Алпысов аймақта бытырдан бері мектептерде медициналық сыныптар ашылғанын жиналғандарға жеткізді. «Медицинаға қадам» жобасы аясында 18 мектеппен келісім жасалған.

Сөз алған Парламент Мәжілісінің депутаты Ерболат Саурыков ауылдарда ме-

дицина мамандары ғана емес, барлық сала мамандарының тапшылығы бар екенін айтты.

– Соңғы жылдары Қазақстанда 1,5 мыңға жуық ауыл жабылды. Қазірде 6 мыңнан астам ауыл бар. Оның 30%-ының болашағы бұлыңғыр. Ата-аналар сапалы білім іздеп, аудан, қалаларға көшіп жатыр. Медицина мамандарын тек елдегі 7 жоғары медициналық оқу орны ғана емес барлық жоғары оқу орындарында даярлау мүмкіндігін қарастыру керек. Биыл 75 мың грант бөлінді. Келер жылы оны 93 мыңға жеткіземіз деп отыр. Бір грантка екі баладан келеді. Осы арқылы «білім сапасын түсіріп алған жоқпыз ба?» соған мән берейік. Оқымаған бала да 60 балмен грантка түседі, дайындалып 120 балл жинаған бала да грант иегері атанады. Медицина мамандары үшін грантты облыстардың өзіне берісін деген ұсынысым бар. Оқимын деген балаға аудан басшылығы ақша құюы керек. Кейін ата-ана, аудан әкімдігі мен университет арасында үш-жақты келісім жасалсын. Грант қаражаты министрліктен берілді ме, әлде жергілікті жерден берілді ме, бәрібір. Ол – мемлекеттің қаражаты. Бастысы, грант лайықты

иесін тапсын, – дейді Ерболат Саурыков.

Парламент Мәжілісінің депутаты Таңсәрі Серіков болса, ауылда мамандарға жағдай жасалмаса, оларды ұстап қала алмаймыз деген пікір білдірді.

Басқосуда Денсаулық сақтау министрлігінің С.Қайырбекова атындағы Ұлттық ғылыми орталығы денсаулық сақтаудың кадр ресурстары ұлттық обсерваториясының басшысы Олыға Демүшқан баяндама жасап, бірқатар мәселелерді ортаға салды. Одан бөлек, аймақтағы медициналық білім беру мекемелерінің басшылары сөз сөйледі.

– «Ауылдық квота» санаты бойынша дәрігерлер мен орта медицина мамандарын даярлау үшін тапсырысты ұлғайту, аймақтың қажеттілігіне қарай мемлекеттік білім беру гранттарын өңірлік бөлу мәселесін қарастыру. Ауылдарда адам санына қарамастан, олардағы медицина нысандарын қаржыландыру жүйесін өзгерту мәселесін қарастыру да маңызды. Жаңа айтылғандай, қалаларға қарағанда ауылдардағы медицина мекемесінің шығыны анағұрлым артық. Сонымен қатар, ауылдардағы медицина нысандарын жылдамдығы жоғары интернет желісіне қосу сияқты мәселелерді шешуде Үкімет пен жергілікті атқарушы органдарға ұсыныс білдіреміз, – деді шараны қорытындылаған Ермек Алпысов.

• ӘЛЕУМЕТ

Мейірім керек адамға

Қарағандыда қоларбаға таңылған жандарға арналған «Арқалан» жаңа әлеуметтік жобасы жүзеге асуда. Оның жетекшісі Абай Сыздықовтың айтуынша, жоба аясында психологиялық, әлеуметтік, занна-малық көмек көрсетілетін болады.



Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Жоба жақында ғана басталды. Бұл қоғамдық бірлестік немесе қандай да бір құрылым емес. Әлі тіркелген де жоқпыз. Біз жай ғана жүріп-тұру мүмкіндігінен айрылған жандарға қолдау білдіргіміз келеді. Өзім осыдан 8 жыл бұрын омыртқамды жарақаттап, қоларбаға таңылғанда не істерімді, күнделікті әрекеттерді қалай орындауды, жалпы, әрі қарай қалай өмір сүруді білмедім. Сондықтан, осындай жағдайға тап болған жандарды өмір сүруге ынталандырғымыз келеді, – дейді Абай Сыздықов.

Оның айтуынша, мұндай идеяны Х.Макажанов клиникасының директоры Еркін-Дәуір Құрманғалиев айтқан екен. Жобаны қолға алуға Абайға достары көмектесіпті. Бүгінде бес адам әлеуметтік маңызы зор іспен айналысып отыр.

– Бүгінде мен кәсіби спортпен айналысамын. Қарағанды техникалық-құрылыс колледжінде білім алдым. Сонда оқытушымын, басқа да айналысатын жұмыстарым бар. Өзгелерге де мүмкіндік бар екенін, өмір тоқтап қалмағанын көрсеткім келеді. Қоғамнан тыс қалмау керек, – дейді ол.

Қазірдің өзінде топ мүшелері жүгінген үш адамға көмек қолын созуда. Алдағы уақытта олардың қатары көбейері сөзсіз.

Құрметті Қарағанды қаласының тұрғындары мен қонақтары!!!

РЕСПУБЛИКА КҮНІН мерекелеу қарсаңында Сіздерді 2023 жылдың 21 қазанда сағат 9:00-де өтетін ОБЛЫСТЫҚ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖӨРМЕҢКЕГЕ шақырамыз.

Жәрмеңке өтетін орыны: «Global City» COO (134-ші есептік тоқсан, 921-бап)

Жәрмеңкеде сатылатын өнімдер (ауыл шаруашылық өнімдері, ет-сүт және жергілікті тауар және облыстың тауар өндірушілерінің өнімдері) орташа нарықтық бағадан төмен бағамен сатылатын болады.

Жүретін қоғамдық көліктер: 5, 31, 40, 56, 63, 146, 02, 29.

Құрметпен,
Қарағанды қаласы әкімінің аппараты.



#RepublicDay – жастар көзімен

Республика күні қарсаңында ел жастары #Республикакүні мерекелік челленджін бастады. Алғашқылардың бірі болып, облыстың Жастар ресурстық орталығы директорының орынбасары Жасұлан Хамитов қатысты.



Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– 2022 жылы Президентіміз Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтарды. Республика күнінде еліміздің Туы әрқашан асқақтап, келешегіміз көркейе берсін. Қазақстанның тұрақты дамуы мен кемелденуі жолындағы еңбегіміз табысты болсын. Жастардың қолға алған барлық бастамаларына сәттілік, ертеңімізге сенімділік тілеймін. Республика күніне орай жастар арасындағы #RepublicDay ак-

циясын аудан, қала, облыс орталықтарындағы белсенді жастарға жолдаймын, – деді Жасұлан Хамитов.

Сондай-ақ, челленджте қатысушы белсенді жастар мереке аясында әлеуметтік желідегі парақшаларында өздері айналысатын қызықты жұмыстарымен бөлісуде.

– Бүгінгі таңда егемен еліміздің қолдауымен сүйікті ісімізбен айналысып жүрміз. Қарқаралы ауданының «Көкпар» құрамасының мүшесі және облыс, республика деңгейінде көкпар ойындарының жүлдегерімін. Сонымен қатар, «JasStar» волонтерлер желісі қатарында еріктімін.



Ұлттық мереке қарсаңында еліміздің егемендігі баянды әрі берекелі болсын, – дейді Абдулқарім Сайлаубай.

Акцияға облыстың Шет, Ақтоғай,

Бұқар жырау, Абай аудандарының және Теміртау, Шатхатинск қалаларының жастары белсенді қатысып, құттықтау бейнежазбаларын жолдап жатыр.



ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Газетке 2024 жылға жазылу науқаны басталды. Жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының бөлімшелерінде, сондай-ақ, Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!
«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнынысыз) балама жазылу жүргізіледі.



Kaspi.kz арқылы сүйікті басылымыңызға жазылыңыз!

«Төлемдер» бөлімі → «Іздеу» → «Жазылым төлемі» → Баспа басылымының атауы

Санаттар	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		6 ай	5827,65
		12 ай	11655,30
Жеке жазылулар үшін	12 айға 4116	6 ай	3079,65
		12 ай	6159,30

Жеңілдікпен жазылу: 25 қазан – 25 қараша (бір жылға жазылу шартымен)

Санаттар	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		10215,00	10415,40
		5535,30	5651,40

Анықтама телефоны: 41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05.

E-mail: ot.del.pochtovyy@bk.ru

Баспасөз - 2024



ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

•EUR/KZT 503.50

•USD/KZT 477.12

•RUB/KZT 4.90

•CNY/KZT 65.24

Қазақстан Ұлттық Банкінің 18 қазан, 2023 жылғы дерегі бойынша



• МИНИСТРДІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

Шаруа қолдаусыз қалмайды

Қазір ауыл шаруашылығында жұмыс қызған мезгіл. Осы орайда Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров Қарағанды облысына жұмыс сапарымен келіп, шаруалармен кездесті. Аймақтың бірнеше агрокомпаниясына ат басын тіреп, тыныс-тіршілігімен танысты. Дикандардың өзекті сұрақтарына жауап беріп, көрсетілетін қолдау туралы баяндады.

Қарағанды облысы аумағындағы биылғы егіс алқабы – 1,2 млн. гектар. Оның ішінде, 1 млн. гектары – дәнді және бұршақты дақылдар. Деректерге сүйенсек, 16 қазанға дейін дикандар 721,7 мың гектар астықты немесе жалпы алаңның 73%-ын жинаған. Орташа өнімділігі гектарына – 6,5 центнер болса, 466,5 мың тонна астық бастырылыпты.

Айдарбек Сапаров шаруалармен әңгімелесу барысында Үкімет етінің сапасына әсер еткен қолайсыз ауа райының салдарын азайту үшін қажетті шаралар қабылдағанын да назардан тыс қалдырмады.

Астықты кептіру үшін 62,5 мың тонна көлемінде арзандатылған бағамен жеңілдігі бар дизель отыны бөлініпті.

«Бәйтерек» холдингінің қаржы институттары тауар өндірушілерге қатысты айыппұл санкцияла-



рын қолданбай несиелерді өтеу мерзімін ұзарту жұмысын жүргізуде екен.

– «Азық-түлік корпорациясының» желісі бойынша форвардтық сатып алу және тауарлық не-

сие бағдарламаларына қатысатын фермерлер үшін әділ сатып алу бағасы белгіленді. 3-сыныпты бидайдың бағасы 120 мың теңгені, 4-сыныпты бидай 105 мың теңгені құрайды. Міндеттемелерді

және тауарлық несиемен міндеттемелерді орындау бойынша 1 жыл мерзімге кейінге қалдырылды. 2023 жылға комиссия бекітілді. Бір жылға ұзарту үшін фермер тек 3% төлеуге міндетті болады, – деп толықтырды министр.

Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров инвестициялық жобаларды іске қосуға дайындалып жатқан Қарағанды облысының екі ауданында болды. Атап айтсақ, Нұра ауданында суармалы жерлер, жаңа сүт-тауар фермасын салу жобасының іске асырылуымен танысты.

Ал, Осакаров ауданында министр өз өнімдерін шетелге экспорттайтын астық қабылдау кәсіпорны мен құрғақ бие сүтін шығаратын зауытқа барды.

Биыл Қарағанды облысында құны 11,6 млрд. теңге болатын АӨК-те 26 инвестициялық жобаны іске қосу жоспарлануда. Бұл өз кезегінде аталған саланы дамытуға оң әсерін тигізеді деп күтілуде.

Өз тілшімізден

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• БҮГІН – ҚҰТҚАРУШЫ КҮНІ

Орманға қорған болар жаңа бекет

Бұқар жырау ауданында орман өртін сөндіру станциясы ашылды. Станция міндетіне табиғатты, адамдарды өрттен қорғау және қамқорлық жасау кіреді. Заманауи техникамен жабдықталған модульдік депо Белағаш орманшылығының аумағын табиғи өрттен қорғау үшін пайдалануға берілді. Керней ауылындағы жаңа бекеттің ашылуына облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев қатысып, жұмысқа дайындығын тексерді.

Өрт сөндірушілер аймақ басшысын мұндағы жабдықтармен таныстырып, ғимаратқа экскурсия өткізді. Қажеттіліктен бой көтерген станция ғимараты небәрі 2 айда салынған.

Жаңа техника – «КамАЗ» базасындағы өрт автоцистернасы, «УАЗ-Патриот» базасындағы шағын орман патрульдік кешені, соқалары бар екі трактор, екі жеңіл машина сатып алынды. Сондай-ақ, жазғы және қысқы жауынгерлік киімдер де бар. Ең бастысы – өртті сөндіргеннен кейін мамандарға демалуға мүмкіндік жасалған.

Аталған ғимаратта диспетчерлік бөлмемен қатар, душ, асхана, демалыс бөлмесі де жабдықталған.

– Көліктерге арналған үлкен ангар да салынды. Жаңа станцияның ашылуы қосымша жұмыс күшін тартуға мүмкіндік беріп отыр. Қазір мұнда 58 адам жұмыс істейді. Орманшылық қызметкерлерінің жалақысы көтерілді, – дейді. Қарағанды орман және жануарлар дүниесін қорғау шаруашылығының директоры Мақсат Мұханов.

Орман шаруашылығы саласының ардагері Александр Яковлев әріптестеріне қызыға қарайтынын



айтады.

– Орман шаруашылығында 40 жылға жуық жұмыс істедім. 1975 жылы бізде жалғыз ғана «ГАЗ-51» көлігі болды. Алғашқы өрт сөндіру машиналары 1990 жылдары пайда болды. Әрдайым орман шаруашылығын қаржыландыру қалдық принципі бойынша жүргізілетін. Жалақы аз болды. Бірақ, бүгінде көп нәрсе жасалуда. Әріптестерде қазір орманды сақтауға мүмкіндік беретін осындай жабдық бар, – дейді ардагер.

Дерекке сүйенсек, биыл облыста бес өрт сөндіру станциясы салынған. Қарағанды, Ақтоғай және Қувск орманшылықтарының материалдық-техникалық базасы нығайтылыпты.

– 42 бірлік техника сатып алынды. Олардың ішінде, трактор, су таситын көлік, өрт сөндіру және патрульдік машина, ағаш бүріккіштер бар. Жалпы, қажет нәрсенің бәрі тұр. Үш орман шаруашылығында жаңа жұмыс орындары құрылды. Қызметкер-

лерге арнайы киім-кешек те берілген. Қазір облыс бойынша тоғыз орман өрт сөндіру станциясы бар. Келесі жылы Шахтинск қаласында орман тәлімбағы бар ЖПҚ салуды жоспарлап отырымыз, – деді табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Бақтыяр Санбаев.

Аймақ басшысы орман шаруашылықтарының материалдық-техникалық базасын нығайту – басты

міндет екенін атап өтті. Биыл өрттің көп болғанын, орман шаруашылығы қызметкерлерінің жұмысы күрделі әрі жауапты екенін назардан тыс қалдырмады.

Ермағанбет Қабылдаулы өрт сөндірушілердің жұмысына табыс тілеп, алдағы уақытта жан-жақты қолдау көрсететінін жеткізді.

Өз тілшімізден

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Рухани келісім – бірлік моделі

Республика күніне орай Достық үйінде ҚХА ғылыми-сарапшылық кеңесінің мүшелері ұлттық бірліктің үлгісін қалыптастыруға бағытталған дәрістер өткізді. Айта кеткен жөн, ассамблея өкілдері «Қазақтану» жобасы аясында 7 қала мен ауданды аралауда бірлік пен жасампаздық ұранын алға тартқан болатын.

Аяулым COBET,
«Ortalyq Qazaqstan»

– 25 қазан – еліміздің маңызды ұлттық мерекесін атап өтеміз. Елде әлеуметтік-экономикалық дамуға, айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізуге негіз болған – рухани келісім. Мемлекет басшысы Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXII сессиясында «Бірлік пен тұрақтылық болмаса, саяси-экономикалық реформалар жүзеге аспайды. Бірлік дегеніміз – мақсатымызға апарар жол ғана емес, мемлекеттілігіміздің ең басты тірегінің бірі» деп атап өткен болатын. Сарыарқа жерінде рухани келісімді негізге алып, ондаған этнос өзара татулыққа өмір сүруде. Мәдениетіміз бен тарихымыз алдақашан тоғысқан. Осының бәрі жалпыұлттық бірлік моделінің негізгі қағидаты, – деді «Қоғамдық келісім» мекемесінің басшысы Гүлнар Қасембаева.

«Ассамблея жастары» республикалық жастар ұйымының төрағасы Тимур Жұ-

мырбаев сөз алып, жастардың жетістікке жетуіне этникалық және әлеуметтік мәртебесі кедергі емес екенін айтты.

– «Ассамблея жастары» белсенді түрде дамытуда. Біз маңызды 6 бағытты таңдап алдық. Оның ішінде, жастарды әлеуметтік қолдау, мемлекеттік тілді этникааралық тіл ретінде дамыту, қоршаған ортаны қорғау мен әскери-патриоттық тәрбие, мәдениетті дамыту бар. Бірінші бағыт – жастарды әлеуметтік қолдау, білімін арттыру, жұмысқа орналастыруға көмектесу. Осы бағыт «жас жасты үйретеді» форматында іске асуда. Ауылдық жерлерде көшбасшы жастармен кездесулер өткізіп, жастар бағдарламаларын, мемлекеттік қолдау шараларын таныстыру жұмыстары өтеді. Бұл салалар бойынша нәтижелер де баршылық. Биыл этностардың тұрғылықты жерлері бойынша жұмысты бастадық. Жастардың оқу деңгейі мен этникалық әртүрлілігіне қарамастан, олардың азаматтық рухының бір болуы үшін

жұмылдыруға тырысамыз. Жастарды саналы тәлім-тәрбиеге, бірлікке баулитын ортаның маңызы зор, – деді ол.

Тимур Жұмырбаевтың айтуынша, бүгінде көп жас қазақ тілін өзінің туған

дұрыс жолды тандайды. Қазіргі жастарға өздерінің мәселелерін өздері көтеріп, оны шешуге мүмкіндік беру керек.

– Біздің ұйым осы бағытта жұмысты жалғастырады. Жалындаған жастарды қолдап, демеп жіберу – міндет. Қазақстан халқы Ассамблеясы жастар ұйымдарына үнемі қолдау көрсетеді. «Ассамблея жастары» ұйымы елдегі



тілі деп есептейді. Сондай-ақ, қоғамның дамуына өзінің үлесін қосқысы келеді. Қоғамдық өмірге белсенді араласса, олар

маңызды жастар қозғалысына айналады. Жастармен жұмыстың мәнін түсіну барлық жобаны жасау жүзеге асыруға



• САЙЛАУ – 2023

Әр азамат шет қалмауы тиіс

Ел үшін аса маңызды саяси оқиға аудан, қала әкімдерін сайлауға қатысты қазіргі таңда жер-жерде дайындық жұмыстары жанданды. Соның ішінде, Ақтоғай ауданы да бар. Ақтоғай ауданы әкімін пилоттық режимде сайлауға дайындық мәселелері ұдайы назарда. Атап айтқанда, Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясы кезекті отырысын өткізді. Онда сайлау округтерін құру туралы тиісті шешімдер қабылданды. Саяси науқанның күнтізбелік жоспарын, аумақтық, учаскелік сайлау комиссияларының ұқсас жоспарларын, ақпараттық сүйемелдеудің медиа-жоспарын, сайлауды жариялаудың контент-жоспарын әзірлеп бекітті.

Аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларының құрамы, сайлау учаскелерінің шекаралары жергілікті бұқаралық акпарат құралдарында, аумақтық сайлау комиссияларының интернет-ресурстарында және арнайы ашылған Facebook әлеуметтік желілерінде жарияланады. Осы аталған барлық жарияланымдар сайлау заңнамасында көзделген.

Аудан бойынша сайлауға 39 сайлау комиссиясы, оның ішінде, 1 аумақтық және 38 учаскелік сайлау комиссиясы жұмылдырылады. Олардың құрамында 213 комиссия мүшесі бар. Аумақтық комиссияда 7 мүше, учаскелік комиссияда 206 мүше.

Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясының кезекті отырысында комиссия құрамымен учаскелік сайлау комиссиялары мүшелерінің біліктілігін арттыру мақсатында оқыту мәселелері пысықталды. Нәтижесінде облыстық, аудандық сайлау комиссияларының қатысуымен оқу оффлайн форматта қалыптасқан оқытудың каскадты әдісін тұрақты негізде қолдана отырып, ұйымдастырып өткізу бағытында тиісті жоспар бекітілді. Осы аталған оқу-семинарлары өткізілуде.

Сонымен қатар сайлау комиссиялары мүшелерінің біліктілігін арттыру мақсатында онлайн форматта қашықтықтан оқыту және тәстілеу жұмыстары жүргізілуде.

17 ақпараттық баннер әзірленді. Бүгінде 17 баннер кент, ауыл, ауылдық округтердің орталық көшелеріне орналастырылды. Оның ішінде, 1 ауыл, 2 кент, 13 ауылдық округ қамтылған. Сайлау учаскелерінің ғимараты алдына 38 ақпараттық баннер ілінді. Сайлаушыларды ақпараттандыру

мақсатында шақыртулар мен инфографикалар таратылуда. БАҚ-та 3, аумақтық сайлау комиссиясының интернет-ресурсында 22, арнайы ашылған әлеуметтік желіде 28 ақпараттық материал жарияланды.

Жалпы, аудан бойынша 2 кент, 1 ауыл, 13 ауылдық округ, барлығы 35 елді мекен, 38 сайлау учаскесі бар. Оның ішінде, сайлаушылар саны – 10 475 адам.

Сайлау учаскелері Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы бекіткен нұсқаулыққа сәйкес дауыс беруге арналған үй-жайлар мен дауыс беру пункттері материалдық-техникалық жабдықтармен қамтамасыз етілген. Сайлау учаскелері 7 қазаннан жұмысын бастады.

Дауыс беруге арналған үй-жайды жабдықтау кезінде мүмкіндігі шектеулі сайлаушыларға пандустарды, сонымен қатар, көру, есту қабілеті төмен сайлаушылар үшін қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету қарастырылған. Аудио файлдар, субтитрлер, бейне, брайль карпі, компьютер экранының көмегіне жүгінетін сайлаушылар жоқ.

Ақтоғай ауданы әкімінің пилоттық режимде өтетін сайлауы – бұл аудан тұрғындарының сенімін еселейтін маңызды саяси науқан. Сайлау – ауданымыздың ертеңін айқындайтын ауқымды шара. Ол мемлекеттік жүйенің, мемлекеттің қызметіне қоғамдық бақылау жасауға мүмкіндік береді. Өңіріміздің ертеңі үшін әрбір азамат шет қалмауы керек.

Ж.РАЙЫМБЕКОВ,
Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясының төрағасы



25 қазан
РЕСПУБЛИКА
КҮНІ

мүмкіндік береді, – деді төрағасы.

Сондай-ақ, жиында ҚХА ғылыми-сарапшылық кеңесінің мүшесі, әлеуметтану ғылымдарының кандидаты Талғат Жақиянов қазіргі таңдағы өзекті мәселе – зайырлылық және жасөспірімдердің мектепте орамал тағуы тақырыптарына тоқталды.

Зайырлылыққа қатысты полемика өте көп. Өртүрлі ғылыми теорияларды пайдалана отырып түсіну бар. Бірақ, қазіргі таңда оны бұрмалау басым. Оны ғылыми-таным және мемлекеттік конфессиялық қатынастар аясында құқықтық тұрғыдан тану керек, – деді ол.

Ол мектептің оқыту, тәрбиелеу, дамыту секілді міндеттері бар екенін еске салды. Санасы енді қалыптасып келе жатқан жас буын өзінің және өзгелердің таптық белгілерімен бас қатырмай, білім алуы керек екенін алға тартты.

– Бізде ресми тіркелген 18 конфессия (діни бағыт) бар. Тіркелмегендері одан да көп. Хиджап, орамалға рұқсат беру осы ағымдардың көпшілігінің мүддесін оятады. Себебі – зайырлы елде діндердің құқықтары тең. Діни атрибуттардың мектепте көрініс беруі исламмен ғана байланысты емес, – деді Талғат Жәрдемқұлұлы.

• ӨНЕГЕ

Сағыныш

Аққан жұлдыздай көз ілеспес жылдамдықпен зымыраған күнделік-ғұмыр... Келгендер келіп, кеткендер кетуде. Осындайда бір кілт тоқтап жан-жағыңызға бір уақ байыппен назар салғыңыз келеді-ақ. Байпағы жамалмаған жаңа заман бізге қалай жетті? Біздіңше ол кешегі зият жандардың жарқын үлгісімен ілескендей. Ендеше, сондай зияда есімнің бірі Ерғали Ахметов еді.

Талай қаракөздерімізді жамалмаған 1932 жыл еді бұл. Қарқаралы топырағы. Бір тылсымат себеппен аман қалған естияр Ерғалидың балаң шағы кеңестік бесжылдықтардың соқасына жегілді. Масақ терді, борозда айдады, шоп шапты. Майданға аттанған әкелер мен ағалардың жоғын жоктатпады. Әкеден жастай қалып, анасы Гүлсімнің тәрбиесін алды. Жастығы шығар, әйтеуір сол зұлмат жылдарды елмен бірге өткере беріпті. Әкесіз жылдар. Іште тұнған сырлар. Көкіректегі көкейкестісін ән қылып ыңылдап жүретін өзі.

Одан кейін, сұрапыл соғыс. Ердің бәрі – әскерде. Бақытты балалық шағын бастан өткермеген әкеміз Қарқаралыдағы педагогикалық техникумына оқуға қабылданды. Аймақтың мәдени өміріне етене араласып, елге жақсы аты шықты. Түрлі аспапта талғамай ойнайтын өнерпаз жұрттың жүрегін жылатты.

Оқу бітірісімен оның тандауы Шет ауданына түсті. Сол кездегі партия жолдамасымен Қызылқой ауылындағы мектепке мұғалім болып келеді. Арада біраз уақыт өткен соң Ақбауырға ауысады. Еселі еңбегінің жемісін көреді.

– Ол үнемі асығып жүретін еді. Өмірге іңқар болды. Сірә да, осы фәнидегі күндерінің санаулы екендігін жүрегімен сезінсе керек. Сондықтан болар, қолынан келгенінше айналасындағы жақсы жандарға жақсылық жасаудан тынбайтын. Үлкенге құрмет көрсетіп, жастарға жігер берді. Ерғали ағамыздың жақсылығын әзіміз де көрдік. Мен де еңбек жолын мектеп қабырғасынан бастадым ғой. Ол кезде ол кісі аудан көлеміндегі оркестрге жетекшілік етті. Мектеп оқушыларынан музыкаға икемдісін таңдап алып, біздің Кәрсөнбай ағай екеуі кез



келген мерекелік кештің шырайын келтіретін еді, шіркін, – деп тебірене айтатын қоғам қайраткері Қасымбек Медиевтің өзі. Жакан Қошанов та сол қатарда жүрді. Ол кісі де Қарқаралы, Ақтоғай, Шет аудандарында ізі қалған зиялы тұлға-тұғын.

Сол Ақбауырда асқар тау әкеміз жаны аяулы анамыз Зәпураны өмірлік серігі етеді. Шешеміз ол замандарда тұтыну одағында қызмет атқарып көптеген жанның қажетін ашқан жомарт жан болды. Қасиетті шаңырақтан 1958 жылы осы жолдардың авторы һәм оның жалғасындай әкзер дүниеге Саят, Марат, Марал есімді тағы екі сәби келді.

Әлбетте, кадрдың қат кезінде тегеурінді әрі білікті маманның түпкірде жата беруі негізсіз еді. Уақыт өте келе қызмет бабымен аудан орталығына ауысқан әкеміз оқу бөлімінде инспектор қызметін абыройлы атқарады. Бұл арада ол көп аялдамай аудандық мәдениет ошағына ауысып үлгереді. Сәл кейінірек аудандағы қазақ мектебіне музыка маманы болып орнығады.

– Өткен өмір қайтып келмейді. Тек жақсы адамдардың арасында

өткізген күндерің еріксіз мейірімді мезеттерді еске түсірумен, жадыңды жаңғыртады екен. Осындай тілекші жандардың бірі ардақты ұстазым Ерғали Садықұлы еді. Ұлағатты ұстазымның алдынан алғаш шарт жүгініп тәлім алғаныма да 70 жылға жуықтапты. Мені ол кісі бірден баурап алды. Әдебиет әлеміндегі кейіпкерлер бізді әлдебір тылсымға жетелегендей әсер

қарсыластарын ойсырата жеңуге мүмкіндік туғызды. Әйтеуір сол спартакиада да біз жеңімпаз атанып кубок еншіледік. Ерғалидың сырлы сырнайымен сүйемелденген аудан орталығындағы жеңісті шеру әлі тап қазіргідей көз алдымда, – деп ағынан жарылды досы Марс Төлеуқұлов.

Сондай бір сапарынан ел еркесі Ерғали оралмады. Қыршынынан қиылған өнегелі жүрек 41 жасында кілт тоқтады... Одан бері, міне жарты ғасырдай уақыт өтті. Сыңарынан айрылған Зәпура анамыз да әкейдің қырқынан соң көз жұмды. Ата-анасынан көз жазып қалған үш жетімді ағайын бауырына басты. Ағкеміз Сағат Хасенов, жездеміз Шәукей Жұқанов, әкеміздің көзін көрген Салжан Рымбайлар бізге қамқор болды. Ұлы мен келіннің өлімінен соң әкеміз Гүлсім де көп жүрмеді. Үш жылдан соң мәңгілік сапарына кете барды. Ұлының шапшақты шаңырағын немерелеріне аманаттады. Сіңілісі Қарашаш Ибраева ана орнына ана болып, әкейдің бажасы Тельман әке орнына әке болды бізге. Өздерінде бес бала болса да, қамқорлығын аямады.

– Саликалы ғұмырдың үзілгеніне міне жарты ғасырға жуықтапты. Аллаға шүкір, Ерғали мен Зәпураның ұрпағы өсіп-өніп, әжесі Гүлсім шаңырақтың оты сөнбесін деген игі тілеуі шығар. Арманы қабыл болып, үш баласы үш бәйтеректей тамыр жайып үлкен әулетке айналды, – деп толғанды балалары.

Хош делік. Біз де әке жолын қуып, Тәттімбет атындағы өнер колледжін тәмамдадық. Марат болса, құрылыс саласында көп жыл еңбектенді. Кенжеміз сауда саласында. Өмір өтіп барады... Кей-кейде осындай бір толғанғанымызда әке деп баласы бар адамды емес, баласына борышын өтеген жанды айтса керек деген пікірге қаласыз. Ана деп перзентіне көл-көсір мейір дарыта білген періште пейіл жандар еске түсетіндей.

Негізгі айтпағымыз әкеміз бен анамыздың әруақтарын бір ауналып, сауапты іс қылмақ.

Саят АХМЕТОВ,
ұлы
№564

• ФУТБОЛ

Жамағат арасындағы жарыс

Қазақстан мұсылмандар діни басқармасының Қарағанды облысы бойынша өкілдігінің ұйымдастыруымен Республика күніне орай облыс жамағаттары арасында футболдан жарыс өтті.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл үрдіс ҚМДБ Төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлының бастамасы еді. «Ислам және ізгі қоғам» жылы аясында ұйымдастырылған аяқ доп додасына облысқа қарасты қала, аудан, ауыл мешіттерінен 17 команда жасақталып, өзара бақ сынасты.

бас имамы Естай Әбдіғали.

Сайысқа ойыншылар белсене қатысып, үздік ойын өрнегін көрсете білді. Олардың арасында футбол ойнап, машықтанған футболшылар да табылды. Ал, ойынға келер болсақ, ойын тәртібі мен ережесі бұзылмай жамағат сауатты ойын көрсете білді.

Сонымен, жарыс қорытындысы бойынша облыстық мешіттер атынан бақ сынасқан «Әнет баба»



– Жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіп тұратын футбол турнирінің мақсаты – облысқа қарасты мешіт жамағаттары арасында бірлік пен бауырмалдықты арттыру. Сондай-ақ, қоғамға және жамағат арасында салауатты өмір салтын ұстануды насихаттау. Өйткені, тәні мықты мұсылман сауапты істерге ұйытқы болады. Жүрген жерінде жақсылықтың жаршысы бола алады, – деді облыстың

командасы жеңімпаз атанып, 100 000 теңгені қанжығасына байлады. II орынды «Балқаш» командасы иеленіп, 70 000 теңгені еншілесе, «Қарқаралы» командасы III орынды алып, 50 000 теңгені місе тұтты.

Сондай-ақ, «Үздік қақпашы», «Үздік қорғаушы» және «Үздік шабуылшы» номинациялары бойынша көзге түскен ойыншылар марапатталып, оларға қаржылай сыйлық табысталды.

Жас әншілер жарады

Республика күніне орай облыстық мәдениет басқармасының ұйымдастыруымен мектеп оқушылары арасында «Қыран елім – Қазақстаным!» облыстық патриоттық әндер байқауы өтті. Бас жүлдені 9-12 жас аралығында қарағандылық Ажар Әбдішева алса, 13-17 жас аралығындағы сайыстың бас жүлдесін Аружан Бекболатқызы иеленді.



Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сайысқа қатысушыларға Отан, туған жер және ел туралы патриоттық ән орындау міндеті жүктелген болатын. Байқауға Абай, Шет, Ақтоғай, Қарқаралы аудандарынан, сондай-ақ Шахтинск, Балқаш, Теміртау, Қарағанды және Шахханнан барлығы 80-ге жуық жас әнші қатысты.

13-17 жас аралығындағы санатта I орынды Қарағанды қаласы әл-Фараби атындағы мектеп-гимназиясының 8 сынып оқушысы Қызғалдақ Нұрмұқаш иеленді.

– Ол 6 жасынан бастап музыкамен айналысады. Байқауда

«Алға» әнін орындады (музыкасы – Әли Оқаповтікі, сөздері – Мәулен Ахметхандікі). Қызғалдақ жас кезінен Күләш Бәйсейітова, Бибігүл Төлегенова және Роза Рымбаеваның шығармашылығымен таныс және ұлттық ауқымдағы әнші болуды армандайды. Ал біз оның армандары орындалатынына және ол үлкен сахнаны бағындыратынына сенеміз, – дейді Қарағанды қаласының әл-Фараби атындағы мектеп-гимназиясының музыка мұғалімі Әсел Игембекова.

Жеңімпаздарға дипломдар мен ақшалай сертификаттар, ал жетекшілеріне Алғыс хаттар табысталды.

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, мемлекеттік қызмет және жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9.00-18.00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы fink.kar@minfin.gov.kz

д

• МӘДЕНИЕТ ОШАҚТАРЫНДА

Ұлылар ұлықталып, асылдар ардақталды

Жыл басталғаннан бері Бұқар жырау аудандық орталықтандырылған кітапхана қызметкерлері есімдері ел есінде қалған тұлғаларды ұлықтаумен келеді. Осы жолы олар аудандық Мәдениет үйінде «Әдеби өлкежану» жобасы аясында «Жақсының аты өлмейді» атты кеш ұйымдастырды. Онда Бұқар жырау Қалқаманұлының – 355, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының – 165, Бұқаркең мұрасын насихаттаушы ел азаматы Шопанай Әмірхановтың туғанына 100 жыл толуына байланысты байқауларды қорытындылап, жеңімпаздар марапатталды.



Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кешке келгендер ең әуелі Мәдениет үйінің фойесінде қойылған «Ұлылар мұрасы – ұрпаққа үлгі» кітаптар, «Арнаймын саған, туған жер!» отбасылық көлөнер және «Қазақтың ұлы жырауы – Бұқар баба» библиографиялық байқауларының жұмыстарына арналған көрмелермен танысып, тамашалады.

Келесі кезекте шара бағдарламасы үлкен залға ойысып, Led экраннан бейнеролик көрсетілумен басталды. «Өлең туралы сөз» тақырыбындағы бұл көріністе өлең-жырдың қазақ даласының үстімен жербауырлап

ұшып, ақындық халқымызға содан қонғаны айтылады. Одан әрі «Руханият» қосымша білім беру орталығы Көкпекті саз мектебінің мұғалімі Аяулым Жұмабекованың жетекшілігімен қобызшылар күйі ойнаса, Белағаш ЖБОМ мұғалімі Дулат Қалдыбаев Бұқар бабаның «Алла деген ар болмас», «Асқар таудың өлгені» толғауларын келістіре жырлады.

Сахна сыртында акын Бауыржан Жақыптың «Бір емес, төрт ғасырға даңқын жетті» өлеңінен үзінді оқылып, «Сарыарқа» күйі тегіліп, бұл кешті ұйымдастырып, жүргізген кітапханашы Майгүл Асқарова ұлы жырау мұрасының өміршеңдігіне тоқталып, аудандық «Баба жырын жаттаймыз» мәнерлеп оқу сайысының қорытын-

дысын жариялады. Оған ауданның 17 кітапханасынан қатысқан 15 жасқа дейінгі 32 оқырман баланы арасынан анықталған жеңімпаздар Алғыс хаттармен марапатталды.

Республикалық термешілер байқауының лауреаты Қайролла Мамеров Бұқар жыраудың «Он бір тілек» толғауын орындағаннан кейін кітапханашылар Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының кітаптары бойынша жарнама-акцияға көшті. Білген адамға Бұқар баба есімі мен жырларының бүгінгіге ұмытылмай жетуінде Мәшкешнің сіңірген еңбегі зор. Кезінде «Бұл кісінің сөзін жазамын деушіге Нұқттың өмірі, Айыптың сабыры, Аппатонның ақылы керек» деп айтып, оның жыр-толғауларын

Бұқар жырау ауданы

• СПОРТ

Жазғы Олимпиада ойын түрімен толығады

Халықаралық Олимпиада комитеті 2028 жылғы Жазғы Олимпиада бағдарламасына бес ойын түрін енгізді. Әлем көз тігетін бұл сайыс АҚШ-та өтеді.

Жазғы Олимпиада бағдарламасына қатысушылар флаг-футбол, крикет, ляркросс, сквош, бейсболдан жүлдені сарапқа салады. Айта кетсек, олардың арасынан бірқатар спорт түрі бұрынғы жылдарда Олимпиада бағдарламасында бар болатын. Алайда әртүрлі себепке байланысты бағдарламадан алынып тасталған еді. Атап айтқанда, крикет Олимпиада бағдарламасына 128 жылдан кейін қайта оралса, бейсболдан бұдан бұрын 1992, 1996, 2000, 2004, 2008 және 2020 жылдарда жүлделер сарапқа салынды.

Дүбірлі дода 2028 жылдың 14-30 шілдес аралығында АҚШ-тың Лос-Анджелес қаласында өтеді. Бұл қалада 1932 және 1984 жылдары жазғы Олимпиада өткізілген болатын.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ



• БӘРЕКЕЛДІ!

Дүбірлі додаға жақындатқан тарихи жеңіс

Футболдан «Еуро 2024» чемпионатына іріктеу кезеңінде Н тобының кезекті ойындары өтті. Қазақстан құрамасы сырт алаңда Финляндиядан басым түсті. Осылайша, Магомед Адиев жаттықтыратын ұлттық құрама фин жеріне қонақ боп барып, олжалы оралды.



Жан АМАНТАЙ, «Ortalyq Qazaqstan»

Бұл Қазақстан футбол тарихындағы ең тартысты ойындардың бірі болды. Ойынның 90 минутындағы үзілісті санамағанда қалған уақыт қос команданың бөсекесімен өтті. Жанкүйер қауымның да қолдауы ерекше еді. Өйткені, бұл – Еуропа чемпионатына іріктеу кезеңі. Ойынның алғашқы кезеңінде қарсылас команданың жартылай қорғаушысы Роберт Тэйлор есеп ашты. Екінші кезеңде отандастарымыз бірнеше мүмкіндікті мүлт жіберіп, қапы қалды. Бұл сәт қарсыластардың ойынға деген ынтасын одан сайын арттыра түсті. Дәл осы тұста жанкүйерлердің іші Финляндияға бұра бастаған. Себебі, енді алға шығу екі талай еді. Фин спортшылары шабуылды бөсеңдетер емес.

Ал, ойынның 77 минутында біздің жігіттерге айып добын тебу мүмкіндігі бұйырды. Әлем назарында бұл өте жауапты сәт еді. Алайда, Бахтияр Зайнутдинов қақпаның осал тұсын тауып тепкен добын дарыта білді. Осылайша, таразы басы теңесті. Бұл соққы қарсыластардың одан сайын ширауына сеп болды. Олар бұрынғыдан сақ әрекет етіп, Қазақстан



құрамасының қақпасына допты бірнеше рет алып келді. Десек те, біздің жігіттер осалдық танытар емес. Шабуылға шабуылмен жауап қайтарып, қалыспады. Ойын аяқталуына небары 1 минут қалғанда Рамазан Оразовтың бұрыштан асырған пасын Бахтияр Зайнутдинов қарсылас қақпасына баспен тоғытты. Тарихи сәттің

куәсі болған төрткүл дүние ойынның қорытындысы осылай болады деп ойламаса керек. Араға 5 секунд салып қана жанкүйерлер дуылдай жөнелді. Бүгінгі таңда

• ДЗЮДО

Таразда топ жарды

Таразда КСРО спорт шебері Бақытжан Ташметовті еске алуға арналған дзюдодан халықаралық дәстүрлі турнир өтті. 2006-2007 жылдары туған жасөспірімдер арасындағы турнирге облыстан 32 спортшы қатысып, төрт алтын, бір қола медаль жеңіп алды.

Қоржынға алтын медальді +70 салмақта 17 жастағы Руслана Махатова салды. Ал, Шерхан Алпанов +90 кг салмақ дәрежесінде алтынға ие болды. Ол финалда Өзбекстан спортшысын жеңді.

Облыс құрамасының қоржынына тағы екі алтынды Аяулым Қайрат пен Никита Азаров әкелді. Олар 52 және 81 келі салмақ дәрежесінде өнер көрсетті. +70 келіде Рамиля Арыстанбекова қола медаль иеленді.



• ХОККЕЙ

Бір жеңіс, бір жеңіліс

«Сарыарқа» өз алаңында атыраулық «Бейбарыс» командасын қабылдады. Екі ойын да тартысты өрбіді. Ойын басында «Бейбарыс» қорғауда сенімді ойнады. Бірінші кезеңде жерлестер есеп ашты.

Гол авторы – Никита Баженов. «Бейбарыс» та қайтпай, өз ойынын тауып, есепті теңестірді. Шайбаны қақпаға Эрик Алдабергенов тоғытты.

Ойын соңында қонақтар алға ұмтылумен болды. Негізгі уақыт тең нәтижемен аяқталды. Қосымша уақытта командалар бір-біріне қауіпті шабуылдар жасады. Ойын қарағандылықтар үшін табысты аяқталды. Радель Фазлеев жеңіс голының авторы атанды.

Қос команданың екінші кездесуінде өкінішке қарай жерлестеріміз «Бейбарысқа» 4:5 есебімен есе жіберіп, турнир кестесінде 6-шы орынға тұрақтады.

Ардагер ұстаздар алаңға шықты

Биыл Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің құрылғанына – 70 жыл. Осыған орай, техникалық білімнің қарашаңырағы волейболдан турнир ұйымдастырды. Сонымен қатар, ұлттымыздың ұлық мейрамы Республика күніне орайластырылды. Додада шаһардағы жоғары білім ордаларының ұстаздары бағы мен бабын сынады. Турнирдің мақсаты – саламатты өмір салтын насихаттау. Мұнда 40 жастан асқандар алаңға шықты.

Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»

Турнирге Қарағанды қаласының жоғары оқу орындарының командалары қатысты. Атап айтсақ, Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қаласының медициналық университеті. Сонымен қатар, Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінен екінші құрамы ниет білдіріп, жүлделі орынға таласты.

Турнирдің ашылу рәсімінде философия ғылымдарының кандидаты, профессор, Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті тарих кафедрасының меңгерушісі Құдайберген Темірғалиев, педагогика ғылымдарының кандидаты, дене тәрбиесі кафедрасының меңгерушісі Игорь Головин, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің ұстазы Амантай Мырзабаев, медицина университетінің өкілі Рақымжан Досмаилов сөз сөйлеп, қатысушыларға сәттілік тіледі.

– Баршаңызды алдымен халқымыз үшін зор маңызға ие Республика күнімен құттықтаймын. Жұртымыз осы мерекені атап өту үшін ғасырлардың талай сынынан өтті. Елдігіміз жасай берсін.



Білімді жастарымыз көбейіп, Қазақстанды одан әрі гүлдендірсін. Тәрбиелеп, оқытып жүрген шәкірттеріңіз үмітті ақтап, ұлтқа қызмет етсін, – деді Рақымжан Досмаилов.

– Бұл университет 1950 жылы бой көтерген. Шаһардағы тарихи ғимараттардың бірі һәм бірегейі. Осындай мерейтойды саламатты өмір салтын насихаттайтын

игі шарамен атап өткенді жөн көрдік. Білім ордасы мұндай турнирді жыл сайын дәстүрлі түрде өткізеді. Барша ұстаздарды, ардагерлерді құттықтаймын. Кейінгі толқынға осындай әрекеттерімізбен үлгі көрсетейік. Деніміз сау болсын, – деді әулет-құрылыс факультеті деканының орынбасары Абайдолла Түсіпбеков.

– Осындай шаралар жиі ұйымдасты-



25 қазан
РЕСПУБЛИКА
КҮНІ

рылса, нұр үстіне нұр болар. Өйткені, әрқайсымыз саламатты өмір салтын ұстануымыз қажет. Ұстаздар студенттерге сабақ беріп, бір сыныпта отырып қалады. Анда-санда осылай достармен волейбол ойнап тұрған дүрыс. Жастар да осы жолды ұстанса деген тілегім бар. Білім шаңырағының мерейтойы құтты болсын, – деді Құдайберген Темірғалиев.

Игорь Головин де сөз алып, ізгі ниетін білдірді.

– Сіздермен осындай қуанышты сәтте жүздескеніме ризамын. Волейбол ойнап қоймай, достармен, әріптестермен әңгімелесіп, бір сергіп қалдық. Бұл турнирдің Қарағанды шаһарында беделі зор. Мықтылар осындағы алаңға жыл сайын келіп, өзара тартысқа түседі. Мұнда жеңіс маңызды емес. Жұлдеден бұрын достық пен сыйластық бірінші орында. Бірлігіміз жасай берсін, – деді ол.

Турнирде Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің ардагерлер командасы жеңімпаз атанды. II орын да алаң иелерінің қанжығасында, ал, III орын Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде. Жеңімпаздар кубоктармен және грамоталармен марапатталды. Сондай-ақ, турнирдің үздік ойыншылары да анықталып, оларға бөлек құрмет жасалды.

ҚАРАҒАНДЫ

• ШАҒЫН ФУТБОЛ

Күштік құрылымдар доп тепті

Құтқарушылар күні қарсаңында Балқаш гарнизонының басшылығы қала әкімдігінің қолдауымен қаладағы дене шынықтыру-сауықтыру кешенінде Балқаш қаласының күштік құрылымдары арасында шағын футболдан жарыс ұйымдастырды.

Жарысқа қалалық полиция бөлімінің патрульдік полиция ротасы, арнайы жедел әрекет ету отряды, облыстық патрульдік полиция батальоны, мамандандырылған күзет қызметі басқармасы, 53898 және 31765 әскери бөлімдері, Балқаш қаласының әкімдігі, Балқаш қаласы ТЖ басқармасы, №4 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімі және азаматтық қорғау органдарының ардагерлерінің құрамасы қатысты.

Тартысты ойын нәтижесінде, III орынды арнайы жедел әрекет ету отрядының командасы, II орынды облыстық патрульдік полиция батальонының құрамасы иеленді. Ал, азаматтық қорғау органдарының командасы оза шауып, чемпион атанды. Жұлдегерлеріне грамота, кубок, медаль және ақшалай сыйақы табысталды.

Дайындаған
Жәлел ҚУАНДЫҚҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор – **Қ.Ж. ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары –
«Индустриальна Қарағанда»
газетінің бас редакторы –
О.В. МЯГКИХ
Директордың орынбасары –
Г.Ш. ЖҰМАДІЛДИНОВА

Бас редактор –
Е.К. МҰСАБЕК
Бас редактордың орынбасары –
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы –
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы –
Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нура, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № КЗ18ВРУ00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KZJ8KZXX БИН 000840001412

Таралымы 4 239

№ 117 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Жансая ОМАРБЕК**